

Мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалу үшін құжаттарды қабылдау және жолдамалар беру

**Бірінші гимназия
2024-2025 оқу жылы**

Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері (қолжетімділік арналары):

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады;*
- 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы " коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);*
- 3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал).*

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

- 1)көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға, сондай – ақ порталға жүгінген кезде құжаттарды тапсырған сәттен бастап-5 (бес) жұмыс күні.*
- 2) көрсетілетін қызметті берушіден немесе Мемлекеттік корпорациядан құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут;*
- 3) көрсетілетін қызметті берушіде қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут, Мемлекеттік корпорацияда-15 минут.*

Қызмет көрсету нысаны: электрондық немесе қағаз түрінде.

Құжаттар тізімі:

- 1) өтініш;*
- 2)жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);*
- 3) баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі ("АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – АХАЖ АЖ) мәліметтер болмаған кезде) не Қазақстан Республикасынан тыс жерде туылған;*
- 4) неке қию немесе бұзу туралы куәліктің көшірмесі (АХАЖ АЖ-да мәліметтер болмаған кезде) не Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде;*
- 5) "денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес № 071/Е нысанға сәйкес сауықтыру лагеріне кететін оқушыға медициналық анықтама (бұдан әрі – №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы).*
Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу № 21579);
- б) мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі: мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар үшін-көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама; жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балалар үшін-алынған табыстар туралы құжаттар (жұмыс істейтін ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жалақысы туралы, Кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыстар туралы, балаларға және басқа да асырауындағы адамдарға алимент түріндегі табыстар туралы анықтама); жетім балалар мен*

ата - анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын балалар үшін - уәкілетті органның жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тәрбиеленетін балалар үшін қорғаншылықты (қамқоршылықты), патронаттық тәрбиені бекіту туралы шешімі; төтенше жағдайлар нәтижесінде шұғыл көмекті талап ететін отбасылардан шыққан балалар және білім алушылардың өзге де санаттары үшін білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын тәрбиеленушілер - отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру негізінде алқалы органның шешімі.

порталға:

1) көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі тіркелген және қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш, есептік жазбаға ұялы байланыс операторы ұсынған портал;

2) баланың туу туралы куәлігінің электрондық көшірмесі (АХАЖ АЖ-да мәліметтер болмаған кезде) не Қазақстан Республикасынан тыс жерде туылған;

3) неке қию немесе бұзу туралы куәліктің электрондық көшірмесі.

4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес сауықтыру лагеріне кететін оқушыға медициналық анықтаманың электрондық көшірмесі;

5) мәртебесін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі:

** мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар үшін-көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама;*

** мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар үшін-алынған табыстар туралы құжаттар (жұмыс істейтін ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жалақысы туралы, Кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыстар туралы, балаларға және басқа да асырауындағы адамдарға алимент түріндегі табыстар туралы анықтама);*

** отбасыларда тұратын жетім балалар мен ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін - уәкілетті органның жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасында тәрбиеленетін балалар үшін қорғаншылықты (қамқоршылықты), патронаттық тәрбиені бекіту туралы шешімі;*

** Төтенше жағдайлар нәтижесінде шұғыл көмекті талап ететін отбасылардан шыққан балалар үшін және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттары үшін - отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру негізінде алқалы органның шешімі.*

2025 жылдың жазында Бірінші гимназия оқушылары үшін бұл қызмет 2 оқушыға разнарядқа сәйкес көрсетілді. "Березка" лагері-2 оқушы, 6-11 жас, 1 маусым.

Бірінші гимназияның директоры

Т.Анцибор